

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.  
АСФЕНДИЯРОВА

Модуль «Фармацевт-технолог»

---

**Ресурстық жұмыстардың мүмкіндіктері. Ресурстық зерттеу экспедициясы. Ресурстану зерттеуінің нысандары.**

Орындаған: Калтай А.А.  
Факультет: Фармация  
Курс: 5



## □ Өсімдіктер ресурстарын зерттеу жұмыстарның бағыттары

- **Ресурстану** – ботаника ғылымының жас бір саласы. 1917 жылға дейін Қаз-да өсімдіктер ресурстарын зерттеу жұмыстары жүргізілген жоқ деп айтуға болады. Қазақстанда ботаника саласындағы зерттеу жұмыстарын 2 кезеңге бөлуге болады:
- 1. Бірінші кезеңге ресейдің Еуропа бөлігінен келген ғалымдардың ұйымдастырып жүргізген жұмыстарын жатқызуға болады.
- 2. Екінші кезең 1920 жылдан басталады деуге болады. Бұл кезеңге жергілікті Орта Азияның және Қазақстанның ғылыми мекемелерінің, әсіресе КСРО Ғылым академиясының Қаз-дағы ашылған филиалының жұмыстарын жатқызуға болады. 1920-30 жылдардан бастап өсімдіктер ресурстарын зерттеу және игеру жоспарлы жүйелі түрде жүргізілді. 1917-41 жылдар арасында зерттеушілер, негізінен пайдалы өсімдіктердің келесі топтарына көңіл аударды. Көксағыз, гуттаперчалы, қарамайлы, эфирмайлы, шипалы-майлы, талшықты, бояулы, целлюлоза-қағазы, сүректі, дәрілік, инсектицидті және т.б. барлығы 19 топ. Осы бағыттағы жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде жаңа отандық өсімдіктер табылып анықталды.



- Ресурстанушы мамандықтардың жаңа ұрпағы дүниеге келді. Әсіресе, атақты ғалымдар Н.И.Вавилов, П.М.Жуковский, М.Г.Попов басшылық еткен. Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институты үлкен үлес қосты. Шикізатты зерттеу сипаты және бағыты алға қойған міндеттерге тікелей байланысты. Соңғы жылдары жабайы өсетін тағамдық және дәрілік өсімдіктерді іздеуге көбірек көңіл бөлінді. 1950ж. КСРО-да бірнеше рет ірі-ірі экспедициялар ұйымдастырылды. Экспедициялар негізінен: 1. Тропикалық астрагалды, илік өсімдіктерді зерттеумен айналысты; 2. Дәрілік өсімдіктерді зерттеу арқылы кеңейді; 3. көптеген жұмыстар мияның глицеринді түрлерін зерттеуге арнады; 4. 1950-60жж. Эфирмайлы өсімдіктерді табу компоненттік құрамын зерттеу жұмыстары жалғасын тапты; 5. Малазықтық және сүрлеліктік өсімдіктерге көп көңіл бөлінді. 1958жылы Ленинградтар Бүкілодақтық кеңесте ресурстар туралы жасалған жұмыстың қорытындысы талқыланды. Одан кейінгі кеңестерде жаңа пайдаланған өсімдіктерді мәденилендіру туралы мәселелер талқыланды.



## Өсімдіктер әлемі ресурстарын зерттеу әдістерінің ерекшеліктері

- Шикізаттық өсімдіктер және олардың қауымдары геоботаникалық , систематикалық , экологиялық, фитохимиялық фармакологиялық әдістер негізінде комплекстік зерттеледі. Ресурстанулық зерттеу жұмыстарының геоботаникалық жұмыстардан ерекшелігі ресурстану зерттеу жұмыстары жалпы өсімдіктер жабыны емес, тек қажетті пайдалы өсімдіктерді зерттеуді мақсат етеді. Қазіргі заманда пайдалы өсімдіктер бағалауда картографиялық әдістің перспективасы мол. Өйткені бұл әдіс зерттеу объектісінің географиясын, экологиясын және күйін бағалауға мүмкіншілік береді.



- Көптеген пайдалы өсімдіктердің топтары зерттегенде оларға қосымша биохимиялықанализ жасалуы мүмкін. Сонымен, ресурстанудың жалпы қабылданған ботаникалық әдістерімен қатар ерекшеліктері бар, ресурстану әдістері пайдаланылады. Ботаник-ресурстанушы систематиканы флораны , геоботаниканы , экологияны , өсімдіктер химиясын интродукцияның ғылыми теориялық негізін білуі және экономикалық түсінігі болуы қажет. Шынын айтқанда ботаника – ресурстанушы шектес ғылым салаларында эрудициясы жоғары болып далалық және лабораториялық зерттеулерді жүргізе алатын әмбебап ғалым болуы қажет.



# Пайдалы өсімдіктер ресурстарын зерттеудің деңгейлері

- Пайдалы өсімдіктер туралы ғылымның дамуы ерте замандағы Қытай, Египет, Рим, Греция және Шығыс Арабия тарихына, мәдениетіне тығыз байланысты. Қазақстанда пайдалы өсімдіктерді пайдалану, олардың ішінде, әрине бірінші ретте дәрілік өсімдіктер пайдалану Шығыс және Батыс елдерінің медицина мектептерінің әсеріне байланысты болды. Мысалы, Қазақстанның Оңтүстік аудандарына Иран, Ауғанстан, Үндістан сияқты елдердің әсері бар. Оған қосымша Қазақстанда Европа елдерінде белгілі көптеген шипалық қасиеті бар заттар да қолданылады. Қазақстан флорасында халық медицинасында кеңінен белгілі шипалық қасиеті бар өсімдіктерді, әсіресе, жүрек-қан тамырлары, өт айдайтын, ісікке қарсы қолданылатын өсімдіктерді іздеуге көңіл бөлінді.



«Ресурстар» деген терминді (өсімдіктер ресурстары емес) пайдалы өсімдіктердің жеке топтарына қатысты пайдалануға болады. Мысалы, «дәрілік өсімдіктер ресурстары». «Ресурс» деген терминді «Қоры» деген түсінікпен шатастыруға болмайды. Яғни, Ресурс, Қоры синонимдер емес.

«Ресурс» термині кеңірек, толығырақ, ол пайдалы өсімдіктердің сандық және сапалық сипаттамаларын қамтиды. Федоров 1968 жылы ботаникалық ресурстану ғылымына кеңірек сипаттама берді.



- Ботаникалық ресурстану:
  
- 1)халық шаруашылығында және медицинада маңызы бар әртүрлі өсімдіктерді тауып айқындайды;
- 2) өсімдік құрамындағы әртүрлі заттарды,қосылыстарды зерттейді;
- 3)пайдалы өсімдіктердің табиғаттағы алабын зерттейді;
- 4)мәденилендірудің биологиялық негізін жасайды.





- «Ботаникалық ресурстану» өзінің зерттеулерін әртүрлі деңгейде жүргізеді. Мысалы, молекулалық, ұлпалық, мүшелік, организмдік, популяциялық, түрлік, ценодикалық, биогеографиялық. Молекула деңгейінде ботаникалық ресурстану мәселелері химия және биохимия жәрдемімен шешіледі. Клетка және ұлпа деңгейінде анатомия, гистохимия және эмбриология көмегімен шешіледі. Мүшелер деңгейінде-морфология көмегімен, организм деңгейінде-физиологиялық және өсімдік шаруашылығы туралы ғылымдар көмегімен, популяция деңгейінде-тәжірибелік систематика көмегімен, түрлік деңгейде-систематика және филогения көмегімен, цитогенетикалық деңгейде-фитоценология көмегімен зерттеп шешіледі. Бұл жоғарыда айтылғандардан «Ботаникалық ресурстануда» өте кең спектрде өте нәзік химиялық анализден жер шары өсімдіктері жамылғысын жинақтап қорытуға дейінгі әдістер және тәсілдер пайдаланатынын айқын көруге болады.



## ПАЙДАЛЫ ӨСІМДІКТЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНЫП, ҚОРҒАП САҚТАУДЫҢ НЕГІЗГІ

- Пайдалы өсімдіктерді тиімді пайдаланып, қорғап сақтаудың негізгі 2 жолы бар:
- 1. Өндірістік популяциялары бар жоғары өнімді учаскелер есепке алынуы және тұрақты бақылауда болуы керек.
- 2. Шикізаттық өсімдіктерді мәдиелендіру. Бірақта пайдалы өсімдіктерді мәдиелендіру процесі өте ұзақ және шығыны көп, яғни экономикалық жағынан тиімсіз. Өйткені оларға суарылатын, құнарлы топырақты жер керек.



## ҚАЗАҚСТАН БОТАНИКТЕРІ РЕСУРСТАНУШЫЛАРДЫҢ АЛДЫНА ҚОЙҒАН МІНДЕТТЕРІ

- Қазақстандағы ресурстану ғылымының негізін қалаушылардың бірі, профессор Кукенов ойынша, Қазақстандағы ботаник ресурстанушылардың алдында болашақта мынадай міндет тұр:
- Қазақстан және оның жеке региондарының флорасындағы пайдалы өсімдіктердің биологиялық алуан түрлілігін зерттеуді жалғастыра беру;
- Әрбір жеке шикізаттық өсімдіктің ресурстық сипатамасын жасау, оның ішінде міндетті түрде болу керек:
  - 1. Экологиялық-фитоценотикалық;
  - 2. Фитохимиялық ерекшеліктері;
  - 3. Ресурстық көрсеткіштері;
  - 4. Экономикалық бағасы;
  - 5. Пайдасының тиімділігі;



- Жоғарыда келтірілген көрсеткіштердің бәріне талдау жасаудың негізінде республикамызда бар өсімдіктің ресурстарын тиімді пайдаланудың жүйесін жасау.
- Республикамызда бар шикізаттар негізінде ұзақ жылдарға арналған бағдарлама жасау
- Біріңғай ғылыми өндірістік орталық құру;
- Шикізатты жинау кептіру және сапасына қойылатын талаптар туралы жасалған барлық инструкцияның қатал орындалуын тұрақты бақылауда ұстау керек.
- Жергілікті халық пайдаланатын жеке өсімдіктердің пайдалы қасиеттері туралы мәліметтер жиілеу және бұрын зерттелген өсімдіктерді сын көзбен қарау.
- Шаруашылық үшін бағалы қасиеттері және емдік қасиеттері бар перспективті өсімдіктердің тереңірек зерттелуі.
- Табиғатта тапшы және сирек кездесетін пайдалы өсімдіктерді терең жетілдіру жұмысын күшейту.

